

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ТАРИХЫ

Қылмыстық іс жүргізудің тарихы өзінің даму барысында көп жағдайларды басынан өткізіп, онда талай күрес іздерін қалдырмаған. Сондай-ақ өзінің пайда болуы туралы із қалдырмаған және заң тәртібімен тиісті қаулыларда жеткілікті нысанда көрсетілмеген бірде-бір процессуалдық институтты таба алмайсың. «Ескі мен жаңаның арасындағы күрестің мазмұны да, процессуалдық институттардың нысаны да өзгереді», — дейді атақты орыс заңгері В. Случевский¹.

Заң әдебиеттерінде мынандай дефиниялар (анықтаулар) бар: іс жүргізудің формасы (нысаны) және типі (түрі).

Кейбір заң әдебиеттерінде іс жүргізу түрлері (типтері) деген ұғым орнына іс жүргізу нысандары (формалары) деген ұғым пайдаланылады. Біздің ойымызша «түрлері», «нысандары» деген терминдерді синоним ретінде тану қажет.

Қылмыстық іс жүргізу барысында туындайтын қарым-қатынастардың табиғатын түсіну үшін қылмыстық іс жүргізудің тарихын білу қажет. Заң әдебиеттерінде қылмыстық іс жүргізудің бірін-бірі ауыстырып келген негізгі үш түрі аталады:

- 1) іс жүргізудің айыптау түрі;
- 2) іс жүргізудің инквизициялық немесе іздестіру түрі;
- 3) іс жүргізудің аралас түрі².

Іс жүргізудің айыптау түрі бойынша іс қозғау, қылмыстық құдалауды жүзеге асыру, содан кейін іс жүргізу айыпталушымен байланысты іс-әрекетімен анықталады. Айыпталушы айыптаушы пікіріне қарсы тұрып, сот алдында тағылған айып жөнінде айыптаушымен дауласады да, өзінің кінәлі емес екендігін дәлелдеп, айыптауды жокқа шығарады.

Ал сот тараптар келтірген деректер негізінде, сол деректер шеңберінен шықпай, тараптардың дауын шешеді.

Сонымен іс жүргізудің айыптау түрі тараптардың бәсекелестік қағидасына негізделген. Іс жүргізу мәні — тараптардың дауы. Тараптардың өздері дәлелдемелер жинайды, оларды сотқа табыс етеді. Тараптардың өздері өздерінің білгенінше құқықтарын пайдаланады да, сот дауласып жатқан тараптардың арасында қазы (арбитр) ретінде жұмыс жасайды. Тараптар дауы заңда көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуін бақылайды және өзінің шешімімен тараптардың қай жағы өз құқығын дәлелдегенін көрсете отырып, осы дауға қорытынды жасайды.

Сонымен «іс жүргізудің айыптау түрін» (айыптау процесін) қылмыстық істі сот мәжілісінде қарау деп түсінуге болады, яғни істі сот мәжілісінде толық қарау, алдын ала тергеу жок деуге болады. Себебі дәлелдемелерді жинау, оларды сотқа табыс ету тараптарға жүктелген.

Іс жүргізудің инквизициялық³ немесе іздеу түрі мүлдем басқа қағидаларға негізделген.

Іс жүргізудің іздеу түрінде (іздеу процесінде) тараптар жок іс қозғау, ізге түсу және іс жүргізудің бағыты мен мазмұнын судьяның өзі жеке анықтайды (судьяның өзі тергеуші). Алдын ала тергеуді де, істі сотта қарауды да, іс жүргізуге қатысушыларға қарамай, қызметтік өкілеттігі бойынша судьяның өзі жүргізеді.

Іс жүргізудің инквизициялық түрі бойынша айыпталушы айыптау барысында тең құқықты тарап ретінде танылса да, өзінің қорғану құқығын судья анықтаған шамада пайдаланатын тек қана зерттеу объектісі болып саналады. Осыған орай инквизициялық іс жүргізуде басты, негізгі саты болып алдын ала тергеу сатысы саналады. Бұл сатыда судья-тергеуші дәлелдемелерді жинап, істің барлық мән-жайын анықтайды. Қылмыстық істі сот мәжілісінде қарап шығару үшін алдын ала тергеудің аяқталуы ретінде қаралады, яғни тергеудің үстемесі ретінде қарастырылады.

Іс жүргізудің аралас түрі айыптау және инквизициялық іс жүргізу элементтерінің қисындауынан (комбинациясынан) тұрады. Іс жүргізу негізгі екі сатыдан тұрады: алдын ала тергеу

сатысы негізінде іздестіру, анықтаудан тұрады, ал сот талқылауы айыптау тәртібі бойынша жүзеге асады.

Қылмыстық іс жүргізудің аралас түрінің жағымды жақтары:

1) формалді түрде болса да сот атқару органдарынан тәуелсіз деп ресми түрде жариялануы;

2) айыптау соттан бөлек прокуратураға берілген;

3) іс жүргізу ауызша және жазбаша жүзеге асырылады;

4) ауыр қылмыстар бойынша алқабилер соты енгізілген;

5) айыпталушы құқығы қорғаушымен қорғалады немесе айыпталушы өзін-өзі қорғайды;

6) іс сотта ашық қаралады (тараптардың бәсекелестік принципі негізінде және сот талқылауының тікелей болуы негізінде);

7) қылмыстық іс жүргізуші органның дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалауы, ешқандай деректердің күні бұрын белгіленген күші болмауы;

8) заңды күшіне енген үкімдерді қайта қарау мүмкіндігі.

Жағымсыз жақтары:

1) іс жүргізуді керексіз күрделендіруі;

2) іс жүргізу нысанын абсолюттеу (іс жүргізу формасының басымдау болуы істің тез жүргізілуіне кедергі жасайды);

3) тергеу мен істі сотта қараудың ұзақтылығы;

4) процессуалдық форманы алға тартып, ақиқат анықтауға залал тигізу. Мұның өзі қызмет өкілеттілігін теріс пайдалануға әкеп соғады.

Қылмыстық іс жүргізудің бәсекелестік түрі англо-саксондық жүйеге кіретін елдерде кеңінен дамыған. Бәсекелестік түрде іс жүргізудің мәні деп қылмыс жасаған азамат пен мемлекет арасындағы — дау. Даудың екі жағы да процессуалдық құқықтармен бірдей қамтамасыз етілген.

Бәсекелестік түрде іс жүргізудің негізгі белгілері:

1) бірыңғай кодификацияланған қылмыстық іс жүргізу заңының жоқтығы, сот ісін жүргізу сот прецедентіне негізденуінде (прецедент - кейінгі іске үлгі боларлық өткендегі жағдай);

2) сотта да, сотқа дейінгі іс жүргізуде де дәлелдеу айыпталушының кінәсін мойындамай тұрып та жүргізіле береді: адам кінәсін өз еркімен мойындауы қажет те, оған мойындау салдарының түсіндіру керек. Яғни айыпталушының айтқандары оның өзіне қарсы пайдалануы мүмкін екенін хабарлайды;

3) континенталдық іс жүргізумен салыстырғанда диспозитивтік принцип ашық көрініс табады (мысалы, айыптау мен қорғау тараптарының айыпталушының кінәсі жөнінде сотта келісімге келуі);

4) үкім тараптардың бәсекелестік негізінде шығарылады. Сот бейтарап, ешкімге тәуелді емес дәлелдемелерді ішкі сезім бойынша бағалайды;

5) қандай да болсын процессуалдық нысан (форма) бұзылса, жиналған дәлелдемелердің күші жойылады;

6) санкция беру мәселесін қай сатыда болмасын тек қана сот шешеді.

Осы айтылғандардың негізінде мынандай қорытынды жасауға болады. Қазақстанда қылмыстық іс жүргізу аралас түрде жүргізіледі де, тараптардың тең құқылығы мен бәсекелестік негізімен бірге іздеу процесінің элементтері бар.

Қылмыстық іс жүргізудің тарихи қалыптасқан үш түрі де таза түрде қолданыста болған емес. Бұларды осылай нобайлап (схематический) шартты түрде үшке бөлуі олардың әрбіреуінің ерекшеліктерін, өздеріне тән белгілерін білуді жеңілдетеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің бәсекелестік түрі англо-американдық немесе англо-саксондық деп аталады. Қылмыстық сот ісін жүргізудің бәсекелестік түрі ең бірінші Ұлыбритания мемлекетінде қалыптасып, кейіннен оның колонияларына және басқа мемлекеттерге, оның ішінде Америка Құрама Штатына тараған. Осы екі мемлекеттің атымен байланысты англо-американдық жүйе деп аталып кеткен.

Англо-саксондық жүйе деп аталып кеткенін мынандай мәлеметтермен дәлелдеуге болады. V-VI-ғасыларда Ұлыбританияны англо-саксондар жаулап алған. Англосакс дегеніміз — германдық тайпалар (англомалар, сакстар, юштер, фриздер), кейіннен олар англосаксондық халықтар (народность) деп аталады. Содан кейін даттармен, ал 1066 жылы Англияның нормандық жаугершілігінен кейін, норвегия халықтарымен және Франциядан шыққан халықтармен араласып, англосакстар алғашқы рет Англия халықтарын құрайды. Сонымен «англосаксондық» деген термин Англия жерінде өмір сүрген байырғы халықтың атынан пайда болған.

Қылмыстық іс жүргізу заңының және қылмыстық іс жүргізу құқысының құрылымын анықтау қажет. Қылмыстық іс жүргізу заңы — ол Қазақстан Республикасының ҚГЖК-і. Қазақстан Республикасының ҚГЖК-і 1997 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған, 13-бөлімнен, 62-тараудан, 577-баптан тұрады. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне еніп, қазіргі уақытта қолданыста.

Қылмыстық іс жүргізу құқығының құрылымы ғылыми негізделген, теориялық үлгідегі тәртіпке келтірілген институттар, сатылар және ережелер.

Қазақстан Республикасының кодификацияланған қылмыстық іс жүргізу заңы (ҚР ҚІЖК) қылмыстық іс жүргізу заңнамасының бөлшегі ретінде өзге заңнамалық актілердің ережелерімен толықтырылады.

Қылмыстық іс жүргізу заңының құрылымы екіге бөлінеді: Жалпы бөлім және Ерекше бөлім. Қылмыстық іс жүргізу заңының жалпы бөлімі қылмыстық іс жүргізу ғылымының жүйесін, нысанын (формасын), түрін (тип), сот төрелігінің мақсатына жету құралдарын анықтайтын күрделі, теориялық маңызы зор ережелерді қамтиды. Жалпы бөлім ережелері ерекше бөлім ережелерін құруға (жасауға) негіз болып саналады.

Жалпы бөлім ережелері ерекше бөлімде тиісті іс жүргізу сатысы шеңберінде, айрықша іс жүргізуде, қылмыстық істердің жекеленген санаттары бойынша іс жүргізуде тергеу және сот әрекеттерін жүргізу жөніндегі орындауға міндетті құқықтық ереже ретінде нақтыланады.

Мысалы, ҚІЖК-нің 114-бабы қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізетін органға жүктейді (міндеттейді). Олардың міндеті осы ереже ҚІЖК-нің 201-бабында былай көрініс табады: «Тергеуші тергеу іс-әрекеттеріне қатысуға заңдарда белгіленген адамдарды тарта отырып, олардың жеке басын анықтайды да, оларға құқықтары мен міндеттерін, тергеу әрекетін жүргізу тәртібін түсіндіреді». Тағы бірі — ҚР ҚІЖК-нің 187-бабының 1-бөлігі қылмыстық іс қозғаудан бас тарту міндетін қылмыстық ізге түсу органдарына жүктейді. Ал ҚІЖК-нің 7-бабының 14-тармағы қылмыстық ізге түсу органдарын атайды, олар прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы. Сонымен, 187-бабтың 1-бөлігінде анықталған ереже тек қана осы органдарға қатысты.

1 Случевский В. Учебник русского уголовного процесса. Судостроительство. — СПб., 1913. — С. 358.

2 Чельцов М. А. Советский уголовный процесс. — М., 1962. — С.22.

3 Инквизиция — католик шіркеуінің жазалау мекемесі, 13-ғасырда шіркеуге қарсыларды ерекше қатал қудалаған сот, полиция ұйымы.